

С.Ж.Асфендияров Атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті



Казахский Национальный
Медицинский Университет
Имени С.Д.Асфендиярова

Кафедра: ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ ТРОПИКАЛЫҚ АУРУЛАР

**Тақырып: Жедел ішек инфекциясының
алдын алуы.**

Орындаған: Батырхан Үрия

Факультет: ҚДС

Тобы: 002-2

Қабылдаған: Умешова Л.А.

Жоспары:

Кіріспе.

❖ Негізгі бөлім.

❖ 1. Жедел ішек инфекциясы.

❖ 2. Жедел ішек инфекциясының жұғу жолдары.

❖ 3. Жедел ішек инфекциясының алдын алуы шаралары.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер.


Кіріспе.

Жедел ішек инфекциясы (ЖІИ)– әр түрлі микроорганизмдер (бактериялар, вирустар, қарапайымдылар) қоздыратын, клиникалық белгілері асқазан-ішек жолының әрекетінің бұзылуымен байқалатын және басқа да белгілері ұқсас жұқпалы аурулардың тобы.



Этиологиясы.

Қоздырғыштары - бактериялар (энтеробактерия тұқымдастар, стафилококктар, вирустар, сирегірек қарапайымдар).



Бұл топқа вирустар (энтеровирустар, ротавирус жұқпасы), бактериялар (сальмонеллез, дизентерия, холера, E.coli-жұқпасы) арқылы қозатын және бактерия уытынан (стафилококтық ішектің уытты жұқпасында, іштің өтеуінің себебі бактериялар емес, ас қорыту жүйесіне стафилококтар өрбіген тамақ өнімдері арқылы уыттыңтүсуінен) болатын ішек жұпалары жатады.



Эпидемиологиясы.

- **Жұқпаның көзі** – қоздырғыштарды тасымалдайтын ауру адамдар және жануарлар.
- **Таралу механизм** – нәжіс-ауыз жолы.
- **Таралу жолдары:** тамақ арқылы таралу жолы гастроэнтерит симптомокомплексін қалыптастырады (тамақ токсикоинфекциясы). Бір және қысқа мезгілде клиникалық белгілері ұқсас аурудың күрт көбеюі, ауруханаға аурулардың көптеп түсуі, аурулардың жұқтыру қауіпінің аздағымен сипатталады.



Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жұғады. Жаз айларында инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады.

Клиникалық белгілері.

Асқазан – ішек жолының зақымдануы:

- Гастрит (төс шеміршегі астының ауыруы және қолайсыз сезімінің пайда болуы, жүректің айнуы, құсы, кекіру, жүректің қыжылдауы).
- Энтерит (аурудың бүкіл ішке жайылуы, іштің кебуі және шұрылдауы, іштің судай өтуі, шырыш пен қан көп емес).

- **-Колит** (іштің,әсіресе сол жақ мықын тұсының, толғақ секілді ауыруы, тенезмдер, нәжіссіз жалған жиі күшену, пальпация кезінде сигма ішегінің қатты жиырылып, ауыратындығы , шырша пен қан араласқан сұйық және жиі болатын үлкен дәрет.
- **-ЖІИ манифестік түрі** дамыған кезде жиі гастрит, энтерит, колиттердің үйлескен түрлері тіркелінеді.


Дифференциалдық диагностика.

- Іш қуысы ағзаларының қабынуы
- Ішек бітелісі
- Тасты холецистит

Емдеуі.

Антибитиктерді мақсатсыз және қадағалаусыз қолдану, ішек дисбактериозын туғызатын қауіпін дәрігерлер жақсы түсінулері керек, әсіресе сальмонеллезді және тамақ уытты жұқпасын емдеген кезде. Жедел ішек инфекцияларымен ауырған адамдарға ас қорыту жолдарын қорғайтын диетатағайындалады. Әдетте №4 диеталық стол, ал диарея азайғаннан кейін №2 диеталық стол тағайындалады. Тамақ уытты жұқпасын емдеген кезде асқазанды міндетті түрде жуу керек.

Дизентоксикациялық және регидрациялық терапия аурулардың 85-95% ауыз арқылы, тек 5-15%- көктамыр арқылы жүргізіледі. Организмге жіберілетін сұйықтықтың көлемі оның сусыздануына және салмағына байланысты шешіледі, ауыр түрінде 60-120мл/кг, орташа ауырлықта – 55-75 мл/кг. Сұйықтарды көктамырды минутына 70-90 мл. және 60-80 мл. жылдамдықта жібереді.



Жедел ішек инфекциясының себебіне қарсы ем қолдану.

Ішек антисептиктері. Қазіргі уақытта бұл топтың үш препараты қолданылады: интестопан, интетрикс және энтероседив. Соңғы жылдары диарея ауруларын емдеуде эрцефурил (нифураксазид) нитрофуранның туындысы ұсынылады. Бұл препарат көбінесе ішектің ішінде әрекет ететіндіктен бактерияның себебінен болған диареяны емдеуде қолданылады.

Диета.

Тағамдық рационды шектеу және өзгеру, сүт қышқылды өнімдерді қолдану, қорғау принциптерін сақтау. Перистальтика азайтатын, құрамында таниннің мөлшері өте жоғары, өнімдерін қолдану (қаражидек, мойыл, ашты шәй) тұтқыр консистенциялы тамақтар (шырышты көжелер, езілген ботқалар, сүзбе және айран кисельдер) кепкен нан; индифференттік тағамдар – буға пісірілген арық ет және балық. Қуырылған және семіз тамақтардан, шикі көкөністер мен жемістерден бас тарту керек.

Асқынуы:

- Тыныс жүйелерінің және ортаңғы құлақтың бактериялық инфекциялары.
- Ішектің дисбактериозы
- Ішектен қан кетуі
- Ішек қабырғасының тесілуі
- Ішектің инвагинациясы



www.lada.kz



Алдын алу.

Санитарлы – гигиеналық шараларды жүргізу, тамақ дайындау технологиясын, сақтау және тамақ дайындау технологиясын, сақтау және тамақ өнімдерін өткізу тәртібін қатал сақтау. ЖІИ ерте анықтау және ауруды аңашалау. Жұқпаның ошағында дезинфекция жүргізу (дезинфекциялық ертінділермен өңдеу, ыдыстарды қайнату).

Қорытынды.

Ішек инфекциялары бұрынғы заманнан бері кір қолдың ауруы деп аталып келіп, онымен салақ адамдардың жиірек ауыратындығы дәлелденген. Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз. Ішек инфекцияларының алдын алуға болады және алдын алу керек. Бұл үшін алдын алудың қиын емес, бірақ өте тиімді ережелерін білу керек және қатаң түрде сақтау керек. Сол үшін «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөздер әрқашан да өз маңызын жоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Қ.Дүйсенова. Жұқпалы аурулар.2009
2. Шувалова Е.П. Инфекционные болезни. 2005
3. Инфекционные болезни. Учебное пособие для ВУЗ-ов.
4. www.google.kz